

# Осындай да азаматтар бар

**Жақында Половниковка ауылында шаруа қожалығы базасында өрт сөндіру бекеті ашылды. Дегенмен оның құндылығы тек өртпен күресудегі сенімді тірек болуында ғана емес. Бірінші кезекте, бекет - өз кадрларымен бағалы.**

Александр Роголевич, жалпы айтқанда, жергілікті атақты адам. Ол үлкен қызмет өтілі бар жүргізуші, ел ыдырап жатқан жылдары, сонау 90-шы жылдарда, 1992 жылы шыққан ЗИЛ (131) АЦ-137А базасындағы өрт сөндіру машинасын сақтап қала алды. Әрине бұл оның өз ынтасы, тілегі. Александр Иванович машинаны әлдеқайда сатып жіберіп отбасы мұқтаждарына жеткілікті сома жаратар еді. Және ондай ұсыныстар да болды. Алайда кәсіби намыс өз рөлін ойнады ма, әлде әдеттегідей «ой толғандырды»

ма, шын, қазіргі таңда бей-жай қалмау өте сирек кездеседі, бірақ Александр Роголевич машинадан бас тартпаймын деп шешті. Ол ол ма, ол оны көздің қарашығындай сақтады, күтіп баптады. Сонымен қоса өзі жеке ынтасымен, өрт сөндіру машинасымен жақын жерде тұтанған орынға жолға шығып өрт сөндірушілерге отты оқшауландыруға көмек көрсетеді.

Осы жылдардың ішінде көптеген адамдар өрт сөндіру машинасын сатуды сұрады, алайда мен бас тарттым, - дейді Александр Иванович. - Егер мұндай көлікті сатсам, ауыл бос қалады. Аудан орталығына дейінгі арақашықтық 60 км. Қыста өрт тұтанса, өрт сөндіру бөліміндегі жігіттерге өрт орнына жету қиынға соғады. Мен өрт сөндіруші болмасам да, өзімнің әскери досыммен өрт сөндірушілер жеткенге дейін өртті оқшауландыруға көмек береміз.

Александр Иванович - «Пономарев Роман Иванович» шаруа қожалығында жүргізуші, өз еңбек жолын кеңшардағы машина-трактор шеберханасында қатардағы

жұмыскерден бастаған. Сонан соң, 1979 жылы, ДОСААФ-қа оқуға түсті. Кейіннен Роголевич ойдағыдай кеңес әскерінде қызмет етті, ары қарай Половниковка кеңшарына келді. Жүргізуші болып жұмысқа тұрып, осылай осы жерде қалды. Ал өрт сөндірушілерге көмекке келуге тілегі орасан зор.

Барлық өрт сөндіру-техникалық жабдықтарды уақытымен тексеріп отырамын, мен оны толық жасақталған күйінде алдым емес пе. Ауыл тұрғындары «қоқысты жақпаңдар, Саша Роголевич ұрсады, тағыда өз көлігімен келеді» деп қалжыңдайды, - деп Александр Иванович күлімдейді. Естеріңізде ме, екі мыңыншы жылдардың басында орман алқабы жанды, бізде жігіттерге өрт сөндіруге көмекке жолға шықтық. Жеттік, ал бізден сұрайды: «Сіздер қайдан тап болдыңыздар, және де кеңес кезіндегі нөмірлерімен?». Жауап беремін: «Сол жақтан». Сонан соң барлығымыз бірге, бірлесіп, отпен күресуге кірістік.

Төтенше жағдайлар



департаменті қызметкерлері өрт сөндіру машинасына өрт сөндіру-техникалық қызмет етуді жүргізуге көмегін көрсетті. Олар өрт сөндіру сарғысына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ал кейін оны құрғақ вакуумға тексерді. Солай өрт сөндіру машинасына екінші өмір берді.

Классиктің «Осындай жандардан шеге жасасаң ғой» деген сөзі Александр Роголевичтің мінезін нақты сипаттайды. Өз ісіне,

идеяларына, жақсылыққа берік. Ол өрт сөндірушілерге өз еркімен көмекке келеді және де алғыс сөздерді мүлде күтпейді. Ол үшін ең бастысы - адамдарға, қоғамға, елге пайдалы болу емес пе.

**А. МАХМУТОВ,**  
**Қостанай облысының ТЖД**  
**Қостанай ауданының ТЖБ**  
**бастығы**  
**азаматтық қорғау майоры**

## Арнайы пәндер циклының апталығы

**Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ) арнайы пәндер циклы осы жазда «Не? Қайда? Қашан?» танымдық ойынын өткізді.**

Іс-шараны өткізудің мақсаты тағылымдамашыларға жол жүрісі ережелері теориялық білімдерін және жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік машықтарды бекіту. Жол-патрульдік қызметінің полиция қызметкері жол жүру ережелерін мүлтіксіз өзі білуі қажет және жол жүрісі қатысушыларынан жол ережесін сақтауды талап етеді.

Бірінші күні 3 турдан тұратын танымдық ойынына екі команда қатысты. 1-ші команда «Екі жұлдыз» және 2-ші команда «Күн атқаннан, күн батқанға дейінгі бекет». Ойын барысы кезінде тағылымдамашылар өз білімдерін жол жүрісі ережелерінде және әкімшілік құқықты ғана көрсетпей, сонымен қатар кәсіби комиссия пәндер циклы бойынша да, жол жүруді реттеудің тарихын да бекітті. Сондай-ақ, бұндай іс-шараларды өткізу логикалық ой-қабілеттерін дамыту, дәлелді сұхбат жүргізуге, дұрыс шешімді тез қабылдауға және өз ойын негіздеуге бағытталған. Ойынның соңында комиссия мүшелері нәтижесін шығарып 1-орын «Екі жұлдыз» командасына берілді.

Екінші күні арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларына (жол - патрульдік полиция бағыты бойынша) «Жол-патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша пікірталас өткізілді. Бұл іс-шараға тәжірибелік қызметкер ІІБ Қостанай қ. жергілікті полиция қызметінің жол-патрульдік полиция батальонының рота командирі полиция капитаны С. Буслаев шақырылды.

Пікірталаста жол-патрульдік полицияның қызметі және атқарудың нұсқауының басты негіздері және төтенше жағдай кезінде полиция қызметкерлерінің қимыл тәсілдері туралы сұрақтар қозғалды.

Қостанай қ. ІІБ ЖПҚ ЖППБ рота командирі полиция капитаны С. Буслаев тағылымдамашылардың сұрақтарына жауап берді, теориялық білімге және құқықтық бұзушы тұлғалар тарапынан заңға қайшы әрекеттердің алдын алу үшін



қызметкерлердің іс-қимылының тәсіліне көңіл бөлді. Тағылымдамашы Иран Еслямбеков бұндай тәжірибелік қызметкерлермен кездесулер пікірталастар біздің теориялық көзқарастың негізін қалайды және тәжірибелік машықтардың қатарына өз үлесін қосады, - деп өз ойымен бөлісті.

Үшінші күні арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларымен (айдауыл қызметі бойынша) «Айыпкерлер мен күдіктілерді сотқа алып жүру» тақырыбы бойынша рөлдік ойыны өткізілді. Бұл іс-шараға тәжірибелік қызметкер ІІБ Қостанай қ. уақытша ұстау оқшаулағышының кезекші полиция қызметкері, полиция аға сержанты Р.Сандыбаев және Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қаласы) әскери пәндер және дене шынықтыру даярлығы циклының оқытушысы Ж.Қалиев шақырылды.

Рөлдік ойын өткізудің мақсаты, уақытша ұстау оқшаулағышының тергеу изоляторына және айдауыл қызметкерлерінің алып жүру тапсырмаларын кәсіби ретінде шешу үшін, тәжірибелік білімдері мен дағдыларын меңгерту. Рөлдік ойын бейнероликтің көрсетілуінен басталды, сондай ақ «Айыпкерлер мен күдіктілерді сотқа алып жүру» ойынының шарттары түсіндірілді. Тағылымдамашылар шағын топқа бөлініп ойынды бастады. Бұл ойын 5 кезеңнен тұрды, әр кезең бойынша күдіктілер мен айыпкерлерді сот залына кіргізуін және шығаруын, сондай-ақ айдауыл қызметкерлері айыпкерлер мен күдіктілерді уақытша ұстау изоляторына алып келіп және қайта алып кетуі көрсетілді.

Ойнаыналғаннан кейін, Қостанай қ. ІІБ УҰИ кезекші полиция қызметкері полиция аға сержанты Р. Сандыбаев сөз сөйледі, өткізілген рөлдік ойын бойынша тағылымдамашылардың қимылдарын атап өтті.

Төртінші күні арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларына Қостанай -2 «Солнечный» шағын ауданында ұсақ құқық бұзушылыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидаты бойынша іс-шара өткізілді. Арнайы алғашқы оқыту курсы тағылымдамашыларының тұрғындармен кездесуі жылы достық жағдайында өтті. Іс-шара өткізудің басты мақсаты - ұсақ құқық бұзушылықтарға «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын түсіндіру болып табылады. Оқу орталығының оқытушыларымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 25-тарауы баптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін буклеттер құрастырылды. Арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашылары үгіт-лақаттарын әзірледі. Мүлдем төзбеушілік - азаматтардың теріс әрекетіне немесе ұсақ құқық бұзушылықтарға келіспеу деген сөз. Ұсақ құқық бұзушылық қоғамның тыныштығын бұзады, өмір сапасын төмендетеді.

Кездесу соңында арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларына кездесу туралы естелік ретінде мүлдем төзбеушілік туралы ескертпелер тапсырылды.

**Н. ЗАРЛЫХАНОВ,**  
**ҚР Оқу орталығы**  
**Арнайы пәндер циклының**  
**оқытушысы**  
**полиция капитаны**

## Сот отырысы хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын

**Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады.**

Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым, әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот отырысының хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жәй ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары мен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да.

Судья істі сот өндірісіне қабылдау туралы ұйғарымды қабылдағаннан кейін, сот отырысының хатшысы келесі күннен кешіктірмей істің мұқабасын дайындап, құжаттарды іске хронологиялық тәртіппен қалыптастырып, істің парақтарын нөмірлеп (әрбір іс 180 парақтан аспауға тиіс (жуандығы 30-40 мм), парақтар саны көрсетілген нормадан асқан жағдайда құжаттарды томдарға бөледі) тізімдемесін жасап, тігеді.

Сот отырысының хатшысы істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымның көшірмесін талапкер не арызданушы, жауапкерге және басқа да процеске қатысушыларға пошта арқылы жолдайды, сондай-ақ сот ісін жүргізуге қатысушыларды арызды (шағымды) қарау туралы сот талқылауының күні мен уақыты туралы хабардар ету мақсатында ұялы байланыс абоненттік нөмірі немесе электрондық мекенжай, телефонограмма, жеделхат арқылы не хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарландырады.

Сот саласындағы қауырт жұмыс та сот отырысы хатшыларының көзге көрінбейтін, тынымсыз тірлігінен басталады. Сот отырысы хатшысының тыңдауға тағайындалған істерді қарау кестесін бір аптаға әзірлеу, әр тараптың арыздары мен қоңырауларына жауап беру, куәландыру және анықтама парақтарын толтыру, бұйрық арқылы іс жүргізу, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша және т.б., сот актілері мен басқа да құжаттарды іс жүргізу нұсқаулығына сәйкес сатыларға жолдау, заңды күшіне енген істер бойынша сот актілерін орындау, оларды істерді қабылдау және беру актілері арқылы архивке тапсыру секілді көзге көрінбейтін жұмыстары жетерлік.

Әрине, мұнда сот хатшыларына бағыт-бағдар беріп отыратын судьялардың орны бөлек. Мысалы, мен сот саласында жұмыс атқарып, көп тәжірибе жинақтадым. Соттардың жұмыс сапасы мен беделіне нұқсан келмес үшін сот хатшыларының жауапкершілігі жоғары болуы керек. Өйткені, қарапайым хаттамадан бастап, іске қажетті құжаттардың барлығы хатшының қолынан өтеді. Азаматтық іс қабылданғаннан бастап олар қаралғаннан кейінгі аралықтағы барлық іс жүргізу белгіленген уақытпен реттелетін жұмыс болғандықтан, бәріне үлгеруіміз керек.

Әрине, кез-келген қызметтің қиындығымен қатар, қызықты жақтары да болады. Әсіресе, тараптардың сот отырысына қызу дайындықпен келгені, олардың өз пікірлерін дәлелдеуге тырысқан тартысты сәттерін айтуға болады.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметшілерге сияқты сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері де ішінара өзгеріп отырады. Десек те, сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне асқан жауапкершілікпен қарауы қажет. Сот отырысының хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын екендігіне талас жоқ.

**Жанар ИМАНБАЕВА,**  
**Қостанай облыстық сотының бас маманы**





**«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстегі жаңа өзгерістер**

**Үстіміздегі жылғы 11 шілдеде Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.**

Заңнамаға көптеген өзгерістер

**«Прокуратура туралы» жаңа Заң күшіне енді**

енгізілген. Бұл өзгерістер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне де қатысты. Басты жаңалықтардың бірі - әкімшілік істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің Жоғарғы Сотта қаралу тәртібі өзгерді. Енді соттың қаулылары Жоғарғы Соттың Төрағасы мен Жоғарғы Соттың мамандандырылған сот алқасының төрағасының бастамасымен қайта қаралуы мүмкін. Бұл үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға, жәбірленуші, олардың заңды өкілдері, қорғаушылары, заңды тұлғалардың өкілдері Жоғарғы Сотқа ұсыныс енгізу туралы өтінішхат беруге құқылы. Мұндай құқық орталық мемлекеттік органдарға да берілген. Ұсынуды енгізу туралы өтінішхат Әкімшілік кодекстің 848-бабында көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс. Бұл ретте процеске қатысушылар міндетті түрде өтінішхаттарда мыналарды көрсетуі қажет:

- қабылданған қаулыны орындау адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр зардаптарға алып келуі мүмкін болатынын;
- қаулы адамдардың белгісіз тобының құқықтары мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатынын;
- қаулы құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатынын.

Мұндай талаптар кассациялық наразылық келтіру туралы прокуратура органдарына берілетін өтінішхаттарда да көрсетілуі тиіс. Аталған негіздер Әкімшілік кодекстің 851-бабының 5-бөлігіне сәйкес Жоғарғы Соттың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау үшін ерекше жағдайлар болып табылады. Заңның талаптары 2017 жылғы 25 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

**Азаматтық процестік кодекстің жаңа өзгерістері**

**Ағымдағы жылдың 11 шілдесінде Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды.**

Заңнамалық түзетулер 25 шілдеден бастап заңды күшіне енді. Азаматтық істер бойынша шығарылған сот шешімдеріне шағымдану тәртібіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Азаматтық процестік кодекстің жаңа редакциясындағы 435-бабына сәйкес алдағы уақытта Бас

Прокурор іске қатысушылардың өтініштері негізінде кассациялық наразылықты тек қана прокурордың қатысуымен қаралған азаматтық істер бойынша сот актілеріне келтіре алады. Азаматтық процестік кодекстің 54-бабының 2-бөлігінің талабына сәйкес прокурор тек 3 жағдайда азаматтық іске қатысуға міндетті. Олар, егер сотпен қаралатын дау мемлекеттің, қоғамның және өз-өзін қорғай алмайтын азаматтың мүддесіне қатысты болса. Яғни, Бас прокуратура басқа даулар бойынша заңды күшінен енген сот шешімдеріне кассациялық наразылықты келтіру туралы өтініштерді негізінен қарамайды. Азаматтар мен заңды тұлғалар заңды күшіне енген сот актілеріне дау айту өтінішін тек қана Жоғарғы Сотқа бере алады. Сондай-ақ ерекше жағдайда сот актілерді Жоғарғы Сот Төрағасы енгізген ұсыну негізінде де қаралуы мүмкін.

**А. ЖДАНОВА,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Бас прокуратурасының**  
**3-ші қызмет**  
**басшысының орынбасары**

**МӘМС бойынша жұмыстар жүргізілуде**

**Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгеннен кейін қазақстандықтардың тегін алатын көмек түрлері белгілі болды.**

Бұл жайында сейсенбіде, 1 тамызда Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Оның айтуынша, МӘМС-тің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі және басқа да мемлекеттік органдар нормативтік-құқықтық актілер әзірлеу және оны қабылдау бойынша жұмыстар жүргізуде.

«Бүгінгі таңда 6 нормативтік-құқықтық акті қабылданды. Жылдың соңына 81 нормативтік-құқықтық акті қабылданады. Қазіргі уақытта МӘМС-тің ең маңызды нормативтік-құқықтық актілері мемлекеттік органдарымен келісуімен өтуде. Атап айтқанда, тегін медициналық көмектің кепілдік беретін көлемінің тізбесін бекіту және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық қызметтердің тізбесін бекіту туралы Үкімет қаулылары», - деді ол.

Сонымен қатар министр тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемінің топтамасы сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық адамдарға ұсынылатындығын атап өтті. «Оған медициналық көмектің мынадай негізгі түрлері кіреді. Олар: жедел медициналық көмек пен санитарлық авиация, шұғыл стационарлық және стационарды алмастыратын көмек, әлеуметтік мәні бар емдеу кезінде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек (туберкулез, онкология, психатрия сынды әлеуметтік аурулар), профилактикалық егулер. Бұған қоса, 2020 жылға дейін барлық сақтандырылмағандар үшін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін амбулаториялық-емханалық көмек ұсынылатын болады. Бұл халықтың әлеуметтік қауқарсыз тобының толық медициналық көмекпен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді», - деді Елжан Біртанов.

Оның айтуынша, сақтандырылған азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен бөлек міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру топтамасы аясында қосымша қызметтер ұсынылады.

*inform.kz*

**Курсант қыздарымыз – ЭКСПО-да**



**2017 жылдың 26 шілдесінде Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 4-курс курсант-қыздары Астана қаласына «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қызмет атқаруға келді.**

Еліміздің жүрегі астанамызға келген соң, қыздар ҚАЗГЗЮУ-дің жатақханасына орналасты. Университеттің жатақханасында курсант

қыздардың қолайлы тұрулары үшін барлық жағдайлар жасалған. Келген күннен бастап курсант-қыздар ЭКСПО-2017 көрмесінің БӨП бекеттерінде кезекпен қызмет атқаруда. Қызмет атқарудан бос уақытта қыздар жатақханадағы бос уақыттарын белсене өткізеді. Салауатты өмір салтын сақтай отырып, спорттық ойындар ойнайды, фитнес-залдарға барады. Біздің қыздар қызмет атқарып жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі 2017 жылдың 10 қыркүйегіне дейін жалғасады.

**Г. КОЖМУХАМЕДОВА,**  
**полиция подполковнигі**  
**В. КАСЕНОВА,**  
**полиция капитаны**

**Оқу дайындық полигонындағы сабақтар**

**Қазақстан Республикасының ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қаласы) ІІО-ның қатардағы және кіші басшы құрам лауазымындағы арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашыларына арналған «жол патрульдік қызметі және айдауылдау қызметі» бағыттары бойынша қосымша сабақтар өткізілді.**

2017 жылдың 17 шілдесінен 23 шілде аралығында Қостанай облысының ІІД Арнайы дайындық басқармасының басшылығымен келісу арқылы, Қостанай облысы ІІД-нің оқу дайындық полигонында Қазақстан Республикасының ІІО қызметкерлерінің тәсілдік әрекеттері бойынша қосымша сабақтар жүргізілді. Қостанай облысы ІІД Арнайы дайындық басқармасының

тәжірибелі, білікті қызметкерлерімен, оның ішінде бөлім басшысы полиция майоры Н. Маскаковпен және арнайы дайындық басқармасының нұсқаушылары полиция капитаны К. Кенжетәевпен, запастағы полиция майоры С. Канапинмен сабақ өткізілді.

«Келікті, жеке басты және өзімен бірге алып жүретін заттарды қарап тексеру», «Жаппай іс-шара өткізу кезінде ІІО қызметкерлерінің іс-әрекеті», «Күдікті көлік құралдары мен адамдарды тексеру кезіндегі полиция қызметінің іс-әрекеті», «Тұрғын жайда қаруланған қылмыскерлерді ұстап алу тәсілі» тақырыптары бойынша сабақтар өткізілді.

Арнайы алғашқы оқыту курсының тағылымдамашылары өткізілген сабақты меңгеріп, тәсілдік іс-әрекетінің біліктігін арттырды.

**Б. ЖАНТАСОВА,**  
**ҚР Оқу орталығы**  
**Арнайы пәндер циклының**  
**бастығы**  
**полиция подполковнигі**

**Әкесі мен інісін өлтірген**

**Әкесі мен інісін бір түнде пышақтап өлтірген Медет Тапаев 22 жылға бос бостандығынан айырылды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.**

Ақтөбе қаласының 39 жастағы тұрғыны Медет Тапаев мас күйінде әкесі мен інісін өлтіргені белгілі. Ол өзін көсеумен ұрған әкесі Серік Тапаевты бірнеше рет пышақтап, араша түспек болған Манас Тапаевқа да пышақ ала жүргізген. Інісін алдымен пышақтап, кейін басын шөйнекпен ұрып, мерт қылады. Мұның бәрі анасының, қарындасының, келінінің көз алдында болады.

Со алдында Ақтөбе облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында сотталушы Медет Тапаев соңғы сөзін айтты. Ол мемлекеттік айыптаушы сұраған 23 жылдық өте көп екенін, қазір жүрегі ауырып, демікпе дертіне шалдыққанын алға тартты. Ақтөбе қаласындағы саяжайлардың бірінде болған қылмыстық оқиғаға нүкте қойылды. Сот үкімі оқылды.

«Медет Тапаев Қылмыстық кодекстің «Адам өлтіру» бабы бойынша айыпты деп танылып, 22 жылға бос бостандығынан айырылсын. Жазасын төтенше қауіпті тәртіптегі түзету мекемесінде өтеп, мәжбүрлі түрде ішімдіктен емделсін», - деді судья Алтынбек Сабыров.

Сонымен қатар, сотталушы Медет Тапаев мемлекетке 1 миллион теңгеден астам материалдық шығынды өтеуі тиіс. Ал жәбірленуші, Медет Тапаевтың анасы ұлынан моральдық, материалдық шығынды талап еткен жоқ. Әрі сотталушының ешқандай мүлкі болмағандықтан тәркілеу жүргізілмейді. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

**ҚазАқпарат**

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**